

Білім беру бағдарламасына окуға түсү
кезеңіндегі қойылатын «Күләш
Байсейітова атындағы
Қазак ұлттық университеті» РММ Ғылыми
кенесінің шешімінен

БЕКІТІЛДІ

«23» 04 2025 ж. № 9 хаттама
Ғылыми кенестің төрагасы

 Г.А. Ахмедьяров



Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар

4S02150303 «Эстрадалық ән салу әртісі,
балалар музика мектебінің оқытушысы»

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02150300 «Вокалдық өнер»	4S02150303 «Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музика мектебінің оқытушысы»	9 сынып базасында	Қазақ. орыс

1. БІРІНШІ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Талапкер мамандық бойынша емтиханға келесі шығармаларды орындау керек:

- Қазақ халық әні немесе қазақ халық композиторларының әні A' cappella
- Шет тілінде әлемдік хит
- Өз таңдауы бойынша дауыс мүмкүндіктерін көрсетеін ән

Шарттар:

"Эстрадалық ән салу" мамандығына түсуші талапкердің сыртқы келбеті, дауыс аппараты сау, есту қабілеті, есте сактау қабілеті, ыргак сезімі, музыкамен еркін қозгала білуі және айқын дикциясы жақсы болуы керек.

Сөйлеу және физикалық ақаулары, кәсіби білім алуға және одан әрі кәсіби қызметке кедергі келтіретін кемшіліктер болмауы тиіс.

Бастауыш музикалық білімнің болуы күпталады.

Емтихан басталғанға дейін барлық талапкерлер фониатр дәрігерінен

қабылдау комиссиясына вокалдық аппараттың жай-күйі туралы оң қорытындысы бар анықтама алып келу керек.

11-сыныпты бітірген талапкерге қойылатын талап - міндетті түрде Балалар музика мектебін немесе Балалар өнер мектебін бітіргені туралы күәлік болуы керек.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) - емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

I. Музыкалық диктант:

- Бірдауысты.
- Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Ойнау саны-8-10.
- Өлшем-ыргактық қындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нұктемен және он алтылық ыргакты топтар, пунктірлі ыргак (төрттік нұктемен және сегіздік, сегіздік нұктемен және он алтылық).
- Интонациялық қындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозгалу, диатоникалық секвенциялар.

Мысал:



II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндетеу:
 - Ладтар - мажор және 3 түрі минор;
 - Интервалдар – қарапайым, үштондар
 - Аккордтар - мажорлық және минорлық үшдыбыстықтар айналымдарымен, D7 айналымдарымен;
 - Бірдауысты нота номерін параптан оку. Мысал:



3. Есту талдауы:

- Ладтың сатылары;
- Қарапайым интервалдар; үштондар
- Аккордтар - - мажорлық және минорлық үшдыбыстар, олардың айналымдары, D7 және оның айналымдары;

* «Эстрадалық ән салу» мамандығына бастаудың музикалық білімі жок талапкерлер үшін сольфеджио емтиханы музикалық деректерді, музикалық есту мен есте сақтау қабілеттерді тексеру түрінде откізіледі.

ПДК «Эстрада өнері» төрагасы

Оспанов

Б.Ж. Оспанов

ПДК «Музыка теориясының» төраймы

Жолдасова Н.К.

Жолдасова Н.К.

«Эстрадалық өнер» кафедраның менгерушісі

Джулдиева

О.И. Джулдиева .